



ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті.

№3 (24) наурыз 2019 жыл

2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады.



ТҮРКІЛЕРДІҢ АТАЖҰРТЫ ТЕРБЕЙДІ

Астана қаласындағы «Астана» концерт залында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Астана қаласы әкімдігі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі және Астана қаласы мемлекеттік филармониясының ұйымдастыруымен тұңғыш рет Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріне қалам тартқан, өлге белгілі ағайынды композиторлар Серікожан және Әліби Әбдінұровтың «Әзірет қонған Түркістан» атты концерті зор табыспен өтті.

Қасиетті Түркістанның 1500 жылдық торқалы тойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен сол күндер. Жұмыр жерде түркілік рухтың оянып, оның асқақтау шегіне аяқ басып тұрғанын әрбір зерделі адам жан жүрегімен сезгендей. Жаңа ғасыр қарсаңындағы қазанның үшінші онкүндігінің басы. Алақандай Түркістан шаһары танымастай түрленіп, сән-салтанат құшағына бөленді. Зәулім құрылыстар бой түзеген, көше, тротуарлар ретке келтірілген. Мерекелік безендірулерден бас айналғандай. Бұрын қараусыз қалып келген жүдеу қаланың шат-шадыман шаттығын тілмен айтып жеткізу қиын еді. Өлемнің түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқан ежелгі түркілер ұрпақтарына Атажұртта айқара ашылған ыстық құшақ, қашанда ақжарқын қаймана қазақтың кең пейілі. Қаланың нақ ортасындағы Есімхан алаңы той дүрмегінің төріне айналған. Дәл осы жерден қол созым жерде ұлы Қожа Ахмет Ясауи бабаның күмбезді кесенесі асқақтай көрінеді. Ұлы той-думанның шалқар шаттығына, сән-салтанатына бөленіп, мидай сапырылысқан халық нөпірі бір толалар емес. Осындай бір қимас сәттерде тәуелсіз Қазақ еліне, Атажұртқа

аңсай келген шетелдік меймандар мен үкіметтік делегация басшылары арасында тұрған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы тебірене сөз сөйледі:

– Біз түркішілдік идеясына сай еліміз тәуелсіздік жолына түскеннен бергі уақытты соны істердің белең алғанын айтуға тиіспіз, – деген еді ол сөзінің соңында ерекше шаттық құшағында толқып тұрып. – Қасиетті қаланың жасарып-жаңғыруына, өсіп-өркендеуіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің зор рөл атқарып отырғандығын ризашылықпен айтамын. Бұл білім ордасы Қазақ елі тәуелсіздігінің символына, Қазақстан мен Түркия достастығының, білім мен мәдениетінің алтын бесігіне айналды. Университет қысқа мерзімде Қазақстан ғана емес, Орталық Азиядағы ең ірі оқу орындарының қатарына қосылды. Рухани астана – Түркістанда шаңырақ көтерген түрік халықтарының ортақ оқы орны – халықаралық университеттің қабырғасынан түлеп ұшқан жастардың халықтар ынтымағы, береке-бірлігі жолында қызмет етіп, бірігу кезеңі аяқталып келе жатқан түрік дүниесін қалыптастыруға лайықты үлес қосатындықтарына көміл сенемін!

Ел Президентінің бұл толғаныс-тебіренісінің түп-төркінінде терең мән-мағына жатыр еді. Елбасының бұл киелі қалаға жиі-жиі атбасын тірейтіні халқына мәлім. Сонау тоқсан бірінші жылдардың өзінде, Кеңес Одағының кезінде-ақ университетті ашу жөніндегі Жарлыққа қол қойған, оның білім ордасының болашағына қаншалықты үміт-сеніммен қарағаны белгілі. Өлем түркілерінің рух астанасы – қасиетті Түркістанның бүгінгідей жасарып-жаңғыру салтанатында киелі шаңырақ – білім ордасы жетекші рөл атқарып отырса, жыл сайын түркілер бірлігі жолындағы ұлы іске тастуын жұмылған мыңдаған шәкірт университет қабырғасынан түлеп ұшып жатса, бұл сенімнің ақталғаны емес пе?! Бұған бүгінгідей той күні Елбасы қалайша шаттанбасын! Қасиетті Түркістан топырағына қадам басқан сайын алдымен университетке соғып, оқытушы-профессорлармен, студенттермен жүздесетіні, өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі сұрастырып, алаңдаушылық білдіретіні де дәл сондықтан болар. Мұны жақсы түсінетін зиялы қауым мен шәкірттердің оқу орны соншалықты мақтаншыл сезіммен «Президент университеті» деп атайтыны шындық. Өтіп бара жатқан уақыт. Университеттің шаңырақ көтергеніне де ширек ғасырдан асты. Бұл жылдар онайға түскен жоқ, қаншама қажыр-қайрат, күш-қуат жұмсалды. Уақыт текке өтпейді. Қасиетті Түркістан төрінде еліміздегі бірден-бір халықаралық университет күллі түркі әлеміне шуақты нұрын шашып тұр!

Күллі түркі халықтарының рухани астанасы болған қасиетті Түркістанда ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің есімі берілген Түркістан Мемлекеттік университетіне бір жылға жуық уақыт өткенде, яғни 1992 жылғы сәуір айында Түркияның сол кездегі Премьер-министрі, ал кейіннен Президенті болған Сүлейман Демирел Түркістанға бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне зиярат етуге келді. Бұдан үш ай бұрын Мұрат Жұрыңұлы Түркияда болған еді. Анкарада С.Демирелдің бас кеңесшісі Намық Кемал Зейбекпен кездесті. Ол кісі айтты: Өзіңіз жақында Түркістанда болып қайттыңыз. Қазір сол қалада бабамыздың атын қойып тұрып, университет аштық. Егер сол университет Алматыда, Анкарада немесе Ташкентте орналасқан болса, оның мұншалықты мәні болмас еді. Тарихтан белгілі, түркілердің ең осал жері – олардың басын қосу қиын. Келешек ғасырда түрік бірлігін белгілейтін қазіргі жастар болады. Сондықтан ұлы бабамыз Ясауидің мекені болған Түркістанның қасиетін пайдалана отырып, университетті ортақ оқу орнына айналдырайық. Онда күллі түркі дүниесінің түкпір-түкпірінен келген ең талапты балаларын оқытайық. Түркі дүниесінің келешегі соларға байланысты... Сондықтан ортақ рухани астанамызда орналасып, ортақ ұлы бабамыздың атын алған университет екі елге ортақ – Халықаралық қазақ-түрік университеті біздің халықтарымыз үшін бұл бір тарихи құбылыс болар еді, – деді.

→2

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – РУХАНИ ТӘРБИЕ ҚАЙНАРЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 21 қарашасында шыққан «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы қазақ халқы тарихында аса құнды құжат болып қалмақ. Жұырда Рухани жаңғырудың жалғасы іспетті болған бұл рухани мақаланың маңыздылығын оқушыларға кеңінен

таныстыру мақсатында «Әл-Фараби атындағы №10 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 10-11-сыныптар арасында «Ұлы дала аманаты – жастар қолында» атты конференция сабағын өткізді.

→3



ТӨЛЕБИЛІК АНАЛАР ЗИЯРАТ ЖАСАДЫ

Төлеби ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай аудандағы 100 көпбалауы ана Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етіп келді.

– Еліміздің еңселі, ісінің жетістікті болуы, абыройының асқақтығы мен тұғырлы биікке жетуіне асыл жанды аналарымыздың қосқан үлесі зор. «Бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен» ардақты жандарды қалай құрметтесе те артық етпейді. Мерекеге орай ауданымыздағы аяулы аналарды Бәйдібек, Отырар, Түркістан жеріне алып келді. Аудан әкімі Бауыржан Омарбеков пен аудандық мәслихаттың хатшысы Нұрлан Қойбағаров аналарды келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, киелі Түркістанның тарихи орындарына зиярат жасап

қайтуға сәт-сапар тілеп, шығарып салды. Аналарға арнап киелі Түркістанда арнайы мерекелік концерт ұйымдастырып, ақ жаулық сыйға тарттық, – дейді Төлеби аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Әуесбек Әсілбек.

Ақ жаулықты аналар тек зиярат жасап қана қоймай, аудандағы өнерпаздардың концерттік бағдарламасын да қоса тамашалап жүр.

Төлебилік асыл жанды аналар Қожа Ахмет Ясауи және кесенеді жерленген хан-сұлтан, батыр-билердің рухына құран бағыштап, қорық-музей жәдігерлерімен танысты.



МҰХАММЕД ХАНАФИЯ – ИСЛАМ НҰРЫН ЖЕТКІЗУШІНІҢ БІРІ

→2

ЕСІМ ХАНҒА ТІРІСІНДЕ АСТАНА, БАҚИЛЫҚТА МӘҢГІЛІК БАСПАНА БОЛҒАН ЖЕР, ОЛ – ТҮРКІСТАН

→3



«ЗЕРГЕРДІҢ ҚОЛЫ АЛТЫН» КӨРМЕСІ

→4

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Мерекелеріңізбен, асыл аналар, аяулы арулар!



Ақ пейілі – кіршіксіз таң ақ арман,
Жүрегі жыр, жаны нұрдан жаралған.
Жұмақ кілті табанының астында,
Байтақ әлем аналардан жаралған.

РУХАНИ САПАРДАН ТУҒАН ОЙ – ЖАСТАР ЖЫЛЫНДА ЖҮЗЕГЕ АССА...



Әйгілі Сауран қамалының тұсынан аса бере шайырлардың мекені, жырдың ордасы Сыр елінің шекарасы басталып та кете барады. Бұрынғы Оңтүстік, қазіргі Түркістан облысының шекарасы көрші облыспен шектеседі Қызылдың құмымен карт Қаратау аралығын, сұлу Сырдың қос қапталын кең жайлаған Жаңақорған ауданы негізінен мал шаруашылығымен және күріш дақылдан өсірумен айналысады. Даласы малға жайлы аймақ, Бесарық, Талдысу, Ақүйік сынды таудан құлай аққан өзендер басын Қаратаудан алғып Сырға қарай жөнкіле жүйткілді. Өрине баяғы асау қарқын бәсеңдеген, кейбір жылғалардың арнасы ғана қаңсып жатыр. Бауырына талай сырды жинаған өлке бұл. Кезінде «алтынсұр», «күміссұр», қара түсті елтірісімен аты шартарапқа жайылған бұл аудан талай-талай халықаралық жүлделерді жеңіп алғаны өз алдына бір төбе. Талап, Бірлік, Жұлдыз, Төменарықтан қоралап қой өрсе, Келінтөбе, Түгіскен, Қожақент, Өзкент кеңшарларының ақ күріші жайқалып көзді арбаған. Тарихқа жүтінсек, бұл өлке Оғыз мемлекетінің астанасы болуымен де құнды. Кезінде Сауран, Сығанақтай Жібек жолы бойындағы қалалар Ақ Ордадан айдынын асырып-ақ жіберген. Қазір де туризмге сұранып тұрған осынау шежірелі өлкеде Ақтас, Қарасопы әулиелерді, Құттықожа сахабаларды былай қойғанда әр төбенің басында бір әулиенің жамбасы жерге тиген жер екендігі де белгілі.

→4

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

БЕЛГІЛІ АРХЕОЛОГ 63 ЖАСТА

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұжымы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, белгілі археолог Тұяқбаев Марат Қымызулының пайғамбар жасы – 63 жасқа толуымен құттықтап, құрмет көрсетті.



«Сіздің ізденіске толы еңбек жолыңыз – музейлер ісін өркендету мен тарих сырларын ашуда орны айрықша. Өнегеге толы ғұмыр жолыңыз – ізіңізден ерген шәкірттеріңіз бен барша музей қызметкерлері үшін ерекше тәрбие. Жәдігерлерге деген сүйіспеншілігіңіздің, жұмысқа деген жауапкершілігіңіздің арқасында көптеген археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, музей қорын

тарихи мұралармен толықтыруға қосқан үлесіңіз ерен. Сізді, 63 жылы жасыңызбен қорық-музей ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймын!», – деп «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы.

→3



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЙТАРЫ МОЛ

«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов пен Түркістан қалалық «Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жарқынбек Құлбайымбетов ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



«Жастар жылы» аясында қолға алынған шараның мақсаты ынтымақтастықты нығайту, киелі-рухани орынды қайта жаңғырта отырып, ұрпақ баласына насихаттауға бірлесе күш салу, түрлі аңыз-деректер мен материалды жинақтауға үлес қосу және Түркістан қаласындағы соғыс және еңбек ардагерлері мен қорық-музей жастары өзара мәдени-көпшілік және әлеуметтік, қайырымдылық шараларды жүзеге асыруда жұмыла жұмыс атқару болып табылады.

Аталған мәселелерді кеңінен қамтыған тарихи құжат шеңберінде атқарылатын жұмыстар да нақтыланды.

ЯСАУИ КЕСЕҢЕСІНІҢ КІРПІШІН КҮЙДІРГЕН ПЕШ ОРНЫ ТАБЫЛДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің археологиялық тобы Түркістан қаласы аумағындағы Қарашық өзенінің бойында XIV ғасырдың балшықтан жасаған кірпіштерді күйдіретін пештің орнын және антикалық дәуірге жататын Қарашық-1 қалашығынан түсті металл балқытатын пеш орнын анықтады.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Ұлы даланың ежелгі металлургиясы мәселесін де көтергені белгілі. Аталған мақала аясында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі бірінші ақпаннан бастап Түркістан археологиялық тобын құрып, тарихи ақпараттар негізінде археологиялық зерттеу жұмыстарын бастаған болатын. Осы жұмыстардың нәтижесінде Қарашық өзені бойындағы кірпіштерді күйдіруге арналған пештер Қожа Ахмет Ясауи кесенесі салынған кезде пайда болған деген болжам жасалуда. Сонымен қатар, б.з.д. VI-III ғасырларға жататын Қарашық 1 қонысының жанында түсті металл балқытуға арналған пеш орны да Қарашық өзені бойынан анықталды. Қорық-музейдің басты бір мақсаты – кесененің ең құнды жәдігері Тайқазанның металлын балқытып жасаған пешін анықтау. Бұл бағытта зерттеу, зерделену жұмыстары жүруде, – дейді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов.

Археолог ғалымдардың пікірінше Ясауи кесенесінің кірпіштеріне арналған топырақ Саураннан алынып, осы жерде дайындалуы әбден мүмкін. Бұл пікірді растайтын бірнеше дәлелдер де бар.

«Өздеріңіз көріп отырғандай, осы аумақта кірпішті күйдіріп, даярлауға арналған үлкен орын болғаны анықталуда. Қазба жұмыстары нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің кірпіштеріне ұқсас өнімдер шығуда. Кесененің кірпіштерін осы жерде даярлау мүмкін деген болжамымыздың бір дәлелі осы болса, екіншіден кірпіштерді жасауға шикі затты (балшықты) жасауға өте көп мөлшерде су қажет. Өйткені балшығын дайындау алдында топырақты қайта қайта сумен шайып, оны тұздан тазалайды. Бұл процесс сапалы кірпіш жасау үшін өте маңызды болып келеді. Сондықтан кірпіш күйдіретін пештің өзіннің жағасында салған тиімді. Экономикалық тұрғыдан қарағанда топырақты Сауран өлкесінен тасып әкеліп, Түркістанның өзінде жасалуы дәлелге жақындау» дейді археологиялық топ жетекшісі Бақытжан Нұрханов.

Үй орнындай аумақта зерттеу жүргізген археологтар су кірпішті кептіретін орындардың да бетін аша бастады. Бірнеше ғасыр өтсе де ол тиіп қызыл түске енген қабырғалар мен бөлмелер берік қалпын сақтап тұр. Үйінді астында қалған тарихи орынның сыры толықтай ашылғаннан соң, Түркістан мен Қызылорда күре жолы бойында ашық аспан асты музейі ашылуы мүмкін.

Ал, Қарашық-1 қалашығынан табылған пеш орны мен жан-жағында шашылып жатқан металдарды қорытудағы қалдықтар да терең зерттеуді сұранып тұр.

ТҮРКІЛЕРДІҢ АТАЖҰРТЫ ТЕРБЕЙДІ



– Бұл ойынды мен толық құптаймын, – деді бірден Зейбек. Ол М.Жұрыңұлының ойын одан әрі дамыта отырып, өзі де түркі, әсіресе «Атажұрт» деп аталатын Қазақстанмен достастықты дамытуды армандап жүрген азамат екенін, бұл мәселені Сүлейман Демірелдің алдына қоятынның, ол кісіні ортақ Халықаралық қазақ-түрік университетін ашуға көндіретінін айтты. Күллі түркі дүниесінің ынтымағы, бауырластығы жолында неше түрлі қиындықтарды жеңіп, адал қызмет етіп жүрген Намық Кемал Зейбекпен бірінші кездесуі осылай болды. Сонымен Түркияның Премьер-министрі Сүлейман Демірел мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылғы 30 сәуірде Түркістанға ат басын тіреді. Аэропортқа олар үш ұшақпен қонды. Оның біріншісінде – журналистер, екіншісінде – шығарып салушылар, ал үшіншісінде – қос Президент болды. Қазақстан мен Түркия башыларының қасиетті қалаға бұл сапары қарсаңында Мұрат Жұрыңұлы Сарыағаштағы курортта демалып жатқан Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековпен жолығып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев тікелей өзі ашқан университетінің түркі халықтарының ортақ Халықаралық қазақ-түрік университеті болып өзгеруіне қалай қарайтынын біліп берсеңіз жақсы болар еді деп өтініш еткен еді. Ол кісі уәдесін берген болатын. Осы сапарда С.Демірелмен бірге келген Премьер-министрдің Бас кеңесшісі Зейбек бір орайы келгенде сөзінде тұрғанын, С.Демірелдің Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу жөніндегі идеяны қуана қарсы алғанын айтты. Ал М.Жолдасбеков Нұрсұлтан ағамыздың бұл ұсынысты бірден қолдағанын айтты. Кейін ойлап қарасақ, Тұңғыш Президентіміз Түркістанда университет ашқан кезде өз идеясының өріс алатынын білген екен...

Қазақстан Президенті мен Түркия Премьер-министрінің қарсы алғандар негізінен университет студенттері еді. Қызылдық-жасылдық транспорттар алыстан көз тартып тұрды. Қазіргі Қазыбек би көшесінің екі қапталында Президент пен оларға еріп келген кісілерге студенттер қошемет көрсетті. «Нұрсұлтан аға, өзіңіз ашқан университетке келуіңізді өтінеміз!», – деген өтініш жазылған транспорт ерекше көзге шалынды. Себебі облыс және қала әкімшілігі жасаған сапар бағдарламасында Президенттің университетке келуі жоқ болатын. Ал Елбасының келуі аударай қажет еді. Қос елдің башыларына еріп жүрген сол кездегі облыс әкімі Марс Уркімбаев «Президенттер сапарының бекітілген жопарын бұзатын болдыңыз ғой» – деді дегбірсізденіп.

Ұлы бабамыздың кесенесіне Президент зиярат етіп болған соң М.Үркімбаевты іздетті. Қасындағы қала әкімі Б.Қалдыбеков Мұрат Жұрыңұлына:

– Арманыңа жеттің. Ал енді Президентті күтіп алуға дайынсың ба? – деді ренжулі кейіппен. Ал университет ұжымы бұл кездесуге алдын ала мұқият әзірленген еді. Сонымен Президент Керуен сарайда тұстенген соң университетке келді. Бұл естен кетпес тарихи оқиға болды. – Ал енді мына кісіге университет туралы жақсылап айтшы бер, соңынан өтінішінді айтарсың, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы жылы жүзбен. Жүзінен «Шешіп бердім ғой барлық мәселелеріңді» – дегендей шыр ай білінді.

Шынын айтса, Мұрат Жұрыңұлының жүрек толғанысында шек болған жоқ. Өлі есінде, түркі халықтарының бірлігі жөніндегі жан-толғанысын айта келе, ұлы бабаның есімін алған, баршаға ортақ рухани астанада орналасқан университет енді Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәртебесіне ие болса деген мәселеге тоқталды. Ол кісі бұл сөздерді құптады.



Осы басқосуда университет студенттері түрікше өлеңдер айтып қонақтармен түрікше сөйлесті. Қонақтар дән риза болды. Университетке халықаралық мәртебе беру жөніндегі жоба қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде арқасысы бес данадан алын ала жасалып қойған болатын.

– Сіздің азаматтығыңызға сенейін. Бір өтінішімді орындасаңыз. Мына жобаны Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей өз қолына тигізіңіз, – деді ол Президенттің сол кездегі көмекшісі Хайролла Қабжановқа. Ол уәдесін берді. Арада екі күн өткенде республикалық газеттерде Түркістан Мемлекеттік университетіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесі берілгендігі жөнінде хабар жарқ ете қалды. Осылайша Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы Келісімге қол жетті. Оған Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін Премьер-Министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, ал Түркия Республикасы үшін Сыртқы істер министрі Хикмет Четин қол қойды. Сөйтіп Түркістан Мемлекеттік университеті түркі әлеміндегі тұңғыш халықаралық университет мәртебесіне ие болып, Халықаралық қазақ-түрік университеті деп атала бастады.

Ұзамай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу министрінің бірінші орынбасары Виктор Трофимович Корольков пен университет ректоры Мұрат Жұрыңұлы екеуі Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы екі министрлік арасында келісімшарттың жобасын дайындау мақсатымен Түркияға барды. Бұл құжаттарды жасау оңайға түскен жоқ. Қос мемлекет үшін де оның маңызы орасан зор еді. Онда негізінен университетті басқару туралы, университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту және университеттің даму мәселесі қаралды. 1992 жылдың 25 қыркүйегінде Анкара қаласында түрік, қазақ және орыс тілдерінде бірдей күші бар үш данадан жасалған осы келісімшартқа Түркия жағынан Білім беру министрлігінің бөлім меңгерушісі Айтоған Атаунал мен Жоғары білім жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары Уйғур Тазабей, Қазақстан жағынан Оқу министрінің бірінші орынбасары Виктор Трофимович Корольков пен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры ретінде Мұрат Жұрыңұлы қол қойды. Халықаралық қазақ-түрік университетінің тұңғыш президентігіне екі жақ Үкіметтерінің келісімімен тағайындалу құрметі мен бақытына Мұрат Жұрыңұлы ие болды.

Мұрат Жұрыңұлы университет қалашығының соқтарыды ойластырғанда көне қаланың даңқына сай оның өзіндік нақышымен бой көтеруін басты мақсат

етті. Білім ордасы халықаралық статуска ие болған соң бұл іске Түркия Үкіметі үлкен ықыласпен кірісті. Сөйтіп 1995 жылы түркиялық құрылысшылар қалашық құрылысын бастады. Кезінде оның іргетасын Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Түркия Президенті Сүлейман Демірел өз қолдарымен қалады. Асыл азаматтың арқасында ежелгі шаһарда осылайша шағын қалашық бой түзеп, көз жауын алардай көркейіп өсіп келеді.

Екі ел зиялыларының келісімімен дүниеге келген халықаралық университет Жарғысын Қазақстан жағынан Республика Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Сұлтанов, ал Түркия тарапынан Сыртқы істер министрі Х.Четин бекітті. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ресми ашылу салтанатына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзал қасиетті Түркістанға арнайы сапармен келді. Осы орайда айта кететін бір жайт, университетте қайраткерлерге, халқына еңбегі сіңген абзал азаматтарға университеттің «Құрметті профессор» атағын беру ұйғарылды. Осындай №1 диплом Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа берілген еді. Ал №2 диплом Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалға беріліп, иығына «Құрметті профессор» шапаны жабылды. Сонда ол кісінің тебіреніс-толғанысында шек болған жоқ. (№3 диплом Түркияның одан кейінгі Президенті Сүлейман Демірелге университетте берілді).

Президенттермен болашақ университет қалашығының құрылысы жөнінде біраз әңгіме болды. Ол кісілерге құрылыс жобасы қатты ұнады.

– Университет қалашығының құрылысы біткенде мұнда қанша студент оқытқан болады? – деп сауал қойды Тұрғыт Өзал Мұрат Жұрыңұлына. – Шамамен 12 мыңдай, – деді ол. – Ал Кіндік Азиядағы ең үлкен университеттерде ше? – Мысалы, Қазақ Мемлекеттік университетінде – 15 мыңдай, Ташкент Мемлекеттік университетінде – 18 мыңдай...

– Олай болса, – деді Президент Тұрғыт Өзал, – Халықаралық қазақ-түрік университетінде 20 мыңдай студент білім алатындай жағдай туғызу керек. Бұл дүние жүйіндегі түркі халықтарының ең ірі оқу орнына айналуы тиіс! – Онда мен тағы бір мың студент қостым. 21 мың болсын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев күліп. Тұрғыт Өзал басын ізеп, құптады. Сөйтіп қос елдің Президенттері халықаралық университеттің жобасын да анықтап берді.

Қазақ елі тәуелсіздігінің жырмыра жеті жылдан астам мерзім ішінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерген идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгілікті істердің белен алуына басты негіз болды. Қасиетті мекеннің жасарып-жаңғыруында,

өсіп-өркендеуінде Қазақ елі тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес. Білім ордасы еліміз тәуелсіздігінің символына, түркі халықтарының білімі мен ғылымына, мәдениетінің алтын бесігіне айналды.

Қазақстан – Түркия арасындағы іскерлік байланыстар түбі бір туысқандықпен, бауырластықпен тығыз астасып жатыр. Соның бір ғана жарқын дәлелі ретінде ежелгі түркі халықтары атажұртындағы баршамызға ортақ қасиетті Түркістанды қайта жаңғырту бағытындағы ұлы мақсат-мұраттардан туындап жатқан игі істердің табандылықпен жүзеге асып отырғанын айтуға болады. Ежелгі Түркістанның қасиеті ең алдымен ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің кесенесінде десек, оны қалпына келтіру жұмыстарында Түркия Республикасы қыруар іс атқарды. Түркістан қаласы ажарының ашыла түсуінде түрік бауырларымыздың да лайықты үлесі бар.

Университетте қазіргі кезде 29 ұлт өкілі саналатын 10 мыңға жуық жас білім алуа. Оның ішінде түркітілдес 15 мемлекеттен келген 1200-дей студент пен тыңдаушы бар. Студенттер негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылады. Сондай-ақ, барлығы 54 мамандық бойынша білім алуға мүмкіндік болса, 30 мамандық бойынша магистратура, 3 мамандық бойынша резидентура және 11 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылған.

Университет қабырғасында білім алып, түлеп ұшқан студенттер бүгінде елімізде және шетелдерде сан алуан салаларда жемісті еңбек етуде. Үздік бітірген түлектер жыл сайын Түркияның жетекші университеттеріне магистратураға және докторантураға оқуға жіберіліп келеді. Жекелеген түлектер Түркияда, ТМД және Еуропа елдерінде лайықты биіктерден көрініп жүр.

Ежелгі Түркістанда шаңырақ көтерген Халықаралық білім ордасы тек ғылым мен білімнің нәрімен сусындатып қоймай, қалаға көрік беретін үздік саулеткерлік шеберлікпен салынған оқу ғимараттарымен, оқытушы-профессорларға арнайы салынған коттеждерімен, спорттық сауықтыру кешендерімен, зәулім Мәдениет орталығымен, жатақхана, асхана және кітапхана кешендерімен де ерекшеленеді. Аумағы 160 гектарды алып жатқан таңғажайып ботаникалық бақ та қасиетті Түркістанның көркіне көрік қосып тұр.

Сан ұлтты студенттер арасындағы достық білім ордасының қабырғасында жүргенде мәңгілік нығаят қабары. Бүкіл түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылатында солар. Олар өзара қарым-қатынаста жүріп, туыстар халықтардың тарихын, мәдениетін және тілін терең ұғынады. Білім ордасының студенттері өзге студенттерден білім сапасымен ғана емес, сонымен қатар патриоттық рухымен де ерекшеленеді. Университет еліміздің нағыз патриоттарын даярлауда. Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен саламаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз атындағы Халықаралық университеттің рухани астанамыз – қасиетті Түркістанда шаңырақ көтеруі жастар жүрегіне әрдайым қасиет нұрын құяды. Осы орайда Елбасымыздың халыққа дәстүрлі Жолдауындағы «Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» деген тебіреністі сөздерінің жүректерге ұялап, толтылғанына ақиқат. Кезінде Елбасының идеясымен шаңырақ көтерген білім ордасының студенттерін Мәңгілік Ел идеясы нұрдандырып, патриоттық сезімдерін алаулата түседі.

Сейдулла САДЫҚОВ

100 АҢЫЗ

МҰХАММЕД ХАНАФИЯ – ИСЛАМ НҰРЫН ЖЕТКІЗУШІНІҢ БІРІ

Орталық Азия түркілері пір тұтатын Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың өзі де осы Ханафия ұрпағы екенін ескере кеткеніміз жөн. Тарихи шежірелерде «Үрім-Қайсар патшасымен (Византия) болған соғыстардың бірінде Әзіреті Әліге қарсы бір жас жігіт жекпе-жекке шығыпты. Сайыс барысында Әлінің зұлфыары жігіттің басындағы дулығасын ұшырып түсіреді. Сол кезде бірнеше орым бұрымы толқып арқасына түскенде барып оның қыз екенін Әлі де аңғарып қалады. Екеуі пайғамбар алдына барған уақытта қыздың Үрім-Қайсар патшасының қызы екендігі, атының Ханафия екендігі, т.б. белгілі болады. Осыдан кейін Мұхаммед пайғамбар екеуін қосыпты, қыз христиан дінінен бас тартып, мұсылман болыпты делінеді. Әліге шығар алдында қыз пайғамбарымызға бірнеше шарт қойса керек: «біріншіден, өзіл қыз етіп


аласыз, оған Фатиманың өзінің ықыласы болсын, екіншіден менен тараған ұрпақта Бибі Фатимадан тараған ұрпақпен бірдей сайид әулетті атансын», үшінші ұл тусам сіздің атыңызды қосақтап Мұхаммед-Ханафия деп қойылысың. Осы шартқа байланысты туған балалар да сайид атанады. Олардың ішіндегі ең атақтысы Әлі мен Ханафияның үлкен ұлы – Мұхаммед-Ханафия дейді аңыздар. Жоғарыда баяндалған оқиға қазақ арасында кеңінен тараған Әзіреті Әлі киссаларында өлең тілімен өрілген. Біздің заманымыздың VIII ғасырында қазақ жеріне ислам дінін тарата келген араб жауынгерлерінің басышысы осы Мұхаммед Ханафия мен оның серіктері Мүслим ибн Құтайба, Құсам ибн Аббас, Укаша ибн Михсон, т.б. еді. Арабтың осынау атақты қолбасшылары туралы тарихи әдебиеттерде деректер аз емес. Сонымен қатар осы аталған тұлғалар есімдері

қазақтың Қаратау-Түркістан өлкесіндегі бірнеше жер-су атауларында әлі күнге дейін кездеседі (Укаша ата құдығы, т.б.). Солардың бірінде қазіргі Хазірет Сұлтан кесенесінің орнында Мұхаммед-Ханафия ат шалдырып, тынығыпты деп аңыздайды ел. Қазақ аңыздары Имам Мұхаммед-Ханафияның да өзіннің қаруластары сияқты Қаратау қойнауына жерленгенін баяндайды. Олардың өліміне себепші болған исламды қабылдағысы келмеген отқа табынушы мық және тарса қауымдары. Кей аңыздар Мұхаммед-Ханафияның жерленген жерін Созақ пен Түркістан арасын жалғап жатқан Суындық асуында деседі. Сондай-ақ Әзірет Сұлтан кесенесіндегі Мұхаммед-Ханафия ойығы тұрған жермен байланыстырады. Қалай болғанда да қазақ қожаларының түп атасы, Ахмет Ясауидің арғы бабасы – Имам Мұхаммед-Ханафия араб жерінде туғанымен

өзіміздің Қаратау баурайында қайтыс болғанға ұқсайды.

Хазірет Мұхаммед-Ханафияның алғаны Осман (Осман) шариярдың қызы Бибі Шамсия екен дейді. Одан алты ұл тауыпты – Әбу-Хашим, АбдАллах, Жағыпар, Шаһмансұр, Абд әл-Фаттах, Абд әл-Маннан. Орта Азия мен қазақ жеріне кең етек жайған қожалардың көпшілігі өз генеологиясының бастауын осы Әбд әл-Фаттахтан алады. Хазірет Сұлтан: «бабамның аяқ жағында жатайын» деуінде де сыр бар. Бұл тұрғыда Ахмет Ясауи хикметтеріндегі мына бір тұсқа ден қоюға болады.

Туған жерім, ол – мүбәрәк Түркістан, Кеудемді таспен ұрғылап келдім мен. Азап шегіп, өз шаһарыма қайта қайттым, Түркістанда мазар болып қалдым мен. ...Ынтықпын мен туыстардың базарына, Ұлы бабам жатқан ол ақ мазарына.





ЕСІМ ХАНҒА ТІРІСІНДЕ АСТАНА, БАҚИЛЫҚТА МӘҢГІЛІК БАСПАНА БОЛҒАН ЖЕР, ОЛ – ТҮРКІСТАН

Есім хан – 1598-1628 жылдары Қазақ хандығында билікте болған шығыс әулетінің өкілі. Шығай ханның баласы. Туған ағасы Төуекел ханнан кейін ел билігін қолға алған Есім хан Түркістан қаласында тұрып, билік жүргізді. Сұлтан кезінде-ақ ағасы Төуекел ханмен Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді Қазақ хандығының құрамына қосты.

Түркістанды Қазақ хандығының астанасы ету түбегейлі Еңсегей бойлы Ер Есім тұсында жүзеге асқаны, Түркістанның қазақ хандарының ордасына айналғандығы «Исатай-Махамбет» дастанында былай жырланады:

Шыңғыстың тағы құрылған.
Түркістанда ту тігіп,
Атаң бір қазақ мекендеп,
Хандары сонда тұрылған.

Яғни, «Есім ханнан бастап Қазақ елінің астанасы нақтыланып, бұрынғы Ясы қаласы Түркістан деген атауға ие болады. Есім хан салған осы жол бойынша Түркістан қаласы қазақ мемлекетінің астанасы міндетін бірнеше ғасыр бойы атқарды». Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» жазбасындағы «...Мен қазақ ішіне кеттім, Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді», – деген жолдар ойымызды нақтылай түседі. Осыдан бастап Түркістан қазақтың жиырма бір ханына астана ретінде қызмет атқарды. Орыс ғалымы М.П.Вяткин осы ойды одан әрі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Үлкен Ақсарай бөлмесінде мемлекеттік істер жүргізіліп, елшілер қабылданып, бұйрықтарға қол қойғандығын жазады.

Есім ханның Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңына жерленгендігін, оған арналып кесене тұрғызылғандығын тарихи деректермен талдап көрелік. Оның аталған жерге жерленгендігі тұрғысында Қадырғали Жалайыр дерегіндегі назар аударатын ерекше жайт – Жәдік ханның Үргеніштегі Бақырған ата жанында жерленгендігі туралы мәліметті жағуына болады. Бізге белгілі ортағасырлық дереккөздерде кейбір Ақ Орда хандары мен алғашқы қазақ хандарының Қазақстан мен Орта Азияның әртүрлі қалаларында немесе өздерінің билік құрған жылдарындағы саяси-әкімшілік орталықтарда жерленгендігін айтады. Мәселен, Сасыбұқа хан (1320-1321 жылы қайтыс болған) – Сауран қаласында, Ерзен хан (1344-1345 жылы қайтыс болған)

– Сығанақ қаласында, ал Қасым хан (1521 жылы қайтыс болған) – Сарайшықта жерленген. Бұдан хандардың өзі билік құрған астанасында жерленгендігі туралы қорытынды шығады.

Жәдіктің жерленген жері Үргеніштегі Бақырған атаның жаны екендігіне қарап, оның себебін Есім хан атасының мұсылманшылдығы мен діни ұстанымымен түсіндіруге болады. Кейіннен бұл жолды Есім ханның әкесі Шығай хан да жалғастырып, қайтыс болғаннан кейін Бұхара түбіндегі Күміскент қалашығындағы Әли ата жанына жерленеді. Атасы мен әкесінен қалған дәстүрден ауытқымай Есім хан да о дүниелік болғаннан кейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерленеді және қабірінің басына кішігірім кесене тұрғызылады.

Түркістанды астана еткен хандардың ең алғашқысы – Есім ханның жеке кесенесі болғандығы туралы деректер Ш.Улихановтың досы Г.Н.Потаниннің әкесі Н.И.Потаниннің 1829-1830 жылғы Омбыдан Қоқан хандығына барар сапарында Түркістанға соққаны және Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алдыңғы бетінде ескірген кесенелерді көргені, оларды шырақшылардың «Есім, Жаңгір, Тәуке хан мазарлары» деп түсіндіргені жайлы жазба деректер хабарлайды. 1957 жылғы түсірілген кесене айналасының жер бедерінің көрінісінде (топоскема) жеті құрылыстың ізі биік топырақ үйіндісі түрінде көрсетілген.

Н.И.Потаниннің жазбасы мен басқа да тарихи деректерді негізге алып, аталған үш хан да Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сыртына жерленіп, бастарына күмбезді кесене тұрғызылған деп тұжырым жасауымызға болады.

Археолог Н.Б.Немцова 1958 жылы бұл төбешіктердің үшеуін зерттеп, олардың біріншісі – шірдехана, екіншісі мен үшіншілері көне кесенелер қалдығы екенін айтады. Мәселен, Сасыбұқа хан (1320-1321 жылы қайтыс болған) – Сауран қаласында, Ерзен хан (1344-1345 жылы қайтыс болған)



көлемі 15x12 м етіп қоршап, ортасына «Мавзолей Есім хан» деп жазған. Есім хан 1628 жылы қыркүйек-қазан айларында қайтыс болып, қабірінің үстіне «ерекше, кішкене, қазіргі кезде мүлде қирап қалған кесене тұрғызылған» деген деректі М.Е.Массонның жазбаларынан да оқуға болады.

1974 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін айналыра (терендігі 6 метрден 9 метрге дейін ауытқитын) жер асты суларын бір жерге жиятын дренаж жүйесін қазып жатқан кезде тап солы «Есім хан кесенесі» мұрдеханасы шығады. Бірақ құрылысшылардың жауапсыздығы себепті құрылыс экскаваторымен қиратылып, ішіндегі жерленген сүйегімен қоса жүк машинасына арттырылып, құрылыс қожасын тәгіп жатқан жерге шығарылып тасталады. Экскаватор жүргізушісі С.Манасуевтің өз қолымен жазып, сызып берілген тілөхаты бойынша құрылыстың ені – 4, ұзындығы – 6, биіктігі – 3 метр болған. Ішінен сүйегі ірі, бойы биік – 2 метрдей мұрде шыққандығын жазады. Елауында Есім хан «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен жақсы белгілі, яғни, ол аса ірі денелі адам болған. Бұл аталған сүйек ұзын бойлы Есім хандық болғандығы туралы болжам жасауымызға мүмкіндік береді.

Есім ханды Ташкент маңындағы Шайхантаурда жерленген деп тұжырым жасаушылар да бар. Бұған М.Тынышпаевтың «Ержүрек Есім хан шығыстағы

қалмақтарға аттанып бара жатып, Түркістанға Тұрсын ханды шақыртыпты. Ташкентті билеп отырған Тұрсын ханға қатаған мен қанлы рулары бағынышты екен. Есім оған бүкіл халықты басқаруға береді және өз отбасына ерекше қарауды тапсырады. Тұрсын хан Есім ханның барлық тапсырмасын бұлжытпай орындауға ант береді. Сөйтіп Есім хан соғысқа аттанып кетеді, ал Тұрсын хан Ташкентке оралады. Есім хан жорықта екі жыл болып, қалмақтарды талқандайды да, әскерін ауылдарына таратып, кейін қайтады. Жолда Күйік тауының маңында Тұрсын ханның бұзауларын бағып жүрген бір кемпірді көреді. Кемпір жылап тұрып «өзінің батыр ұлы Есімнің жорықтан қайтып оралған соң ханшаға мал бақтырып қойған сұмпапы Тұрсыннан кек ала тынын» жеткізеді. Есім хан сол арада өз анасын таниды да, кеудесін қатты ыза мен күйік кернейді. Осыған байланысты, аталмыш жер «Күйік» деп аталып кетіпті. Арыс өзені бойымен келе жатып қазіргі кезде «Құтырған» деп аталатын жерде Тұрсын тонауға ұшыратқан өз ауылының жұртына кезігеді. Ол жерде Есімнің бала-шағасы Тұрсынның малын бағып жүр екен. Ашуға булыққан Есім хан жаңа әскер жиып, Тұрсын ханға аттанады, ал жер атауы сол себепті де «Құтырған» деп аталып кетеді. Есім хан Тұрсынға тез жетіп, оның қарамағындағы қатағандарды қырып салады,

Тұрсынның өзін шауып, «Хан Тұрсынды ант ұрсын» деп өз қолымен оны өлтіреді», – деген жазбасы мен Марғасқа жыраудың:

«Ей, Қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірісің, жатырсың,
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Қалаң тақта жатсаң да
Алтын жетті қапылың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіне келіп тұр,
Шашқалы тұр қаныңды,
Кешікпей содан қатарсың!»

– деп жырлайтын суреттемесіндегі дәлелдер екі хан арасындағы шиеленістің соңы жөніндегі тарихи деректер Есім хан қайтыс болғаннан кейін мұрде Тұрсын хан адамдары қорлауы мүмкін деген оймен бұл жерге қоймайды деп тұжырым жасауымызға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, Есім ханнан бастап қазақтың барлық ресми хандары мен заманында саяси қайраткер, қолбасшы, рухани көсем дәрежесіне дейін жеткен тұлғалар да Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанына жерлеуді ұрпақтарына аманаттады. Бұл тарихи шаһар Түркістанның рөлі мен маңызын, қасиеті мен құдіретін шын сезінгендіктен болар.

Б. БАЙБӨЛОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
М. ИСАЕВ,
PhD (философия докторы)

18-ХИКМЕТ



Ғұмырым ақыр болғанда, не қылармын, Құдая?!
Жан алушы келгенде, не қылармын, Құдая?!
Жан бермектің зарынан, Әзірейлдің көрінен,
Болмай жатса шапағат, не қылармын, Құдая?!
Жан бермектің азабын еңселедеткіл, иа Жаппар!
Сенен өзге жоқ қамқор, не қылармын, Құдая?!
Жаным шығып болғанда, тәнім мұнда қалғанда,
Табыттан көрге салғанда, не қылармын, Құдая?!
Өлік болып жатқанда, періштелер жеткенде,
«Раббің кім?» – деп сұраса, не қылармын, Құдая?!
Көсілтіп көрге қойғанда, жеті қадам тайғанда,
Жауап талап еткенде, не қылармын, Құдая?!
Зарін төгіп тұрғанда, тас қараңғы зынданда,
Жалаңдасып жармасса, не қылармын, Құдая?!
Құл Қожа Ахмет сен бәндә, напіс алдында шәрмәнда,
Махшар күні болғанда, не қылармын, Құдая?!

БЕЛГІЛІ АРХЕОЛОГ 63 ЖАСТА



Қорық-музей қызметкерлері мен шәкірттері қаншама тарих көмбелерінің бетін ашып, мәніне үңіле отырып, өз тәжірибесі мен біліктілігі арқасында жас мамандар зердесі мен таныман кеңейтуге күш салған ұлағатты еңбек ардагеріне арналған ыстық- ықыласқа толы тілектерін білдірді.

Тұяқбаев Марат Қымызұлы 1956 жылы 2 наурызда Түркістан облысында туған.

Музей саласында 30 жылға жуық еңбек етіп, мұражай ісін дамытуда ерен еңбектер атқарған. Марат Қымызұлы Түркістан, Отырар, Сауран қалаларының ескі орындарына Алматы қаласындағы «Археология және этнография» институтының мамандарымен бірлесіп отырып, бірнеше археологиялық экспедициялар жасаған. Түркістан оазисіндегі бірнеше тарихи нысандарға археологиялық жұмыс жасауда басшылық жасап, музей қорын көптеген экспонаттармен толықтырды. 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдық мерейтойы қарсаңында қорық аумағынан «Археология және этнография» және «Түркістан тарихы» музейлерінің эскиздерін жасап, мұражайлардың ашылуына ерен еңбек атқарды.

Тарих ғылымдарының кандидаты Тұяқбаев Марат Қымызұлының 115-тен аса ғылыми мақалалары және буклеттері, 5 монография және 2 ғылыми-насихат кітабы бар.

М.Тұяқбаев «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» және 2016 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік төсбелгісін алса, 2008 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» атанған.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТЕРІ МУЗЕЙДЕ СЕМИНАР ӨТКІЗДІ

«Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің студенттері «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінде семинар өткізді.



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жариялаған «Жастар жылы» аясында «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің студенттері «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде ашық сабақ өткізіп, «Түркістан тарихы» музейімен танысты.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің жас маманы экскурсовод Салтанат Ералиева студенттерге әрбір тарихи жәдігерлер мен мұралар жөнінде егжей-тегжейлі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, студенттерді қызықтырған сауалдарға жауап берді. «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің жетекшісі Фазилова Индира Қожа Ахмет Ясауи есімін иеленген қос мекеме арасындағы байланыс нығая беретінін жеткізе отырып, музей ұжымына шынайы алғысын білдірді.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ – РУХАНИ ТӨРБИЕ ҚАЙНАРЫ



Сабакта өз білімдерімен дараланған оқушылар «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалада айтылған жеті ерекшелікке жете тоқталып, өз ойларын таратып айта білді. Сабакта Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұстазы, тарих ғылымдарының кандидаты Зікірия Жан-дарбек, қаламыздағы саз-өнері мектебінің терме және домбыра сыныбының шәкірттері, тарихи-мәдени этнографиялық орталықтың «Жалпы экскурсия» бөлімінің меңгерушісі О.Жексенбаев көшпелі көрмені құрудағы музей мақсатын айтып, көрмені ашып берді. Орталықтың экскурсоводы Д.Тауасарова мектеп оқушыларына ата-бабаларымыздың бізге мирас болып жеткен үлгі боларлық істерін айтып, көрмені таныстырды. Мектеп оқушылары мен ұстаздар және қонақтар көрмеге оң бағасын беріп, өз ризашылықтары мен алғыстарын білдірді.

даланың жеті қыры – жеті құт» атты өлеңін оқыды. Конференция соңында қалалық тарихи-мәдени этнографиялық орталық қызметкерлерінің «Ұлы дала мұралары» атты тақырыптағы оқушылар арналған көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге музей қорындағы ат-әбзелдері топтамасы қойылды. «Жалпы экскурсиялық» бөлімінің меңгерушісі О.Жексенбаев көшпелі көрмені құрудағы музей мақсатын айтып, көрмені ашып берді. Орталықтың экскурсоводы Д.Тауасарова мектеп оқушыларына ата-бабаларымыздың бізге мирас болып жеткен үлгі боларлық істерін айтып, көрмені таныстырды. Мектеп оқушылары мен ұстаздар және қонақтар көрмеге оң бағасын беріп, өз ризашылықтары мен алғыстарын білдірді.

Б.ТАШИМОВ

ӨЗБЕКСТАНДА «ҰЛЫ ДАЛА МҰРАЛАРЫ» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында «Темуридтер тарихы» мемлекеттік музейінде «Ұлы дала мұралары» көрмесі ашылды.

Өзбекстандағы Қазақстан Республикасы күніне орай ұйымдастырылған көрмені «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы және «Темуридтер тарихы» мемлекеттік музейінің директоры Хуршид Файзинов құттықтау сөзбен ашып берді.

«Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Президенттерінің 2017 жылғы 16 қыркүйектегі кездесуінде 2019 жылы Өзбекстанда Қазақстан жылын атап өту туралы шешім қабылданған болатын. Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев пен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев екі ел арасында мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытудың маңыздылығын, тарихымыздың ортақтығын, рухани жаңғыруымызды назарға алып, мәдени байланысты дамытудың маңыздылығына тоқталғаны белгілі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздің тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз достық қарым-қатынастарымыздың маңызды факторы болып саналады. Осы бастамалар аясында өткізілетін түрлі



іс-шаралар екі бауырлас халықтың жақындығын одан әрі тереңдетуге септігін тигізбек» - деп атап өтті. Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ең алғашқы іс-шараны бастап Ташкент қаласына келдік. Қорында 25 мыңнан астам жәдігері бар «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің Өзбекстан Республикасында көрмені өткізудегі мақсаты – екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды нығайту, түркі әлемінің қара шаңырағы Түркістанның тарихи орнын, оның мәдени-рухани келбетін ашып көрсету, тарихи жәдігерлерді насихаттау, мәдени байланысты кеңейту, музейлер арасындағы коммуникацияны нығайту. Рухани байланыс, мәдени қарым-қатынасы егіз

қос елдің ынтымағы арға берсін!», делі қорық-музей басшысы Нұрболат Қадырұлы.

Көрме экспозициясына 50-ден аса фото картиналар мен қорық-музейдің шығарған баспа өнімдері қойылды. 1871-1872 жылдары жиналған А.Құнның «Түркістан альбомында» жарық көрген Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, ондағы Әмір Темірдің бұйрығымен жасалған XIV ғасырдың құнды жәдігерлері – Тайқазан, Лауһа (тудың ұшы), Шырағандар, Есіктер мен қорық-музей қорындағы этнографиялық, археологиялық материалдар, Түркістан өңіріндегі тарихи-рухани орындардың фотосуреттері көпшілік назарына ұсынылды.

Шара барысында өзбекстандық көрме тамашалаушылар «Түркістан өфсанасы» деректі фильмін де тамашалады. Сондай-ақ, қорық-музей Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын негізге ала отырып, Ұлы даланың рухани мұраларын шетелдерде таныту, насихаттау арқылы еліміздегі тарихи орындарға шетелдіктердің қызығушылығын тудыруды көздейді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК 2018 жылы Түркия Республикасының Кастамону, Анкара, Бурса қалаларында «Қожа Ахмет Ясауи мұралары және Түркістан» тақырыбында, Грекияның Салоники, Ресейдің Сочи қалаларында халықаралық көрмелерге қатысты.



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«ЗЕРГЕРДІҢ ҚОЛЫ
АЛТЫН» КӨРМЕСІ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде «Зергердің қолы алтын» атты көрмеге музей қорындағы XIX-XX ғасырларға тән әшекейлер мен зергерлік бұйымдар, түрлі қолөнер туындыларынан құралған 100-ден аса жәдігерлер қойылды.

Шараға қолөнер шеберлері, мектеп оқушылары және зиялы қауым өкілдері мен музей қызметкерлері қатысты. Тарихи жәдігерлермен таныстырып, олар жайлы деректермен бөлісуге арналған жиында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қалдырұлы көпшілікті айтулы шарамен құттықтады.

«Әзірет Сұлтан» бабамыздың атымен аталатын қорық-музей қорында 1978 жылы құрылған сәтте 700 ғана жәдігер болса, олардың ауқымы кеңейіп бүгінгі таңда 24 мыңнан асты. Олардың 13629-ы нумизматикалық, 5175-і археологиялық, 2919-ы жазба ескерткіштер. Ал 2698 этнографиялық жәдігерлер ішінде 800-ден аса бірін-бірі қайталамайтын ерекшелік пен әсемдікке ие әшекейлер мен зергерлік туындылар бар. Ата-бабаларымыз күнделікті тұрмыста, салт-дәстүрде қолданған түрлі бұйымдар яғни, белдіктер мен қапсырмалар, таналар, түймелер мен алқалар, бойтұмарлар мен жүзік, шашбаулар сынды көптеген заттар бүгінгі күннің ең құнды жәдігерлері саналады. Жуырда ғана Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Ұлы даладағы ежелгі металлургия» бөлімінде де бұл жайында терең ой салғаны белгілі. Бабаларымыз әшекейлерді темірден соққан. Күн сайын ауқымы кеңейіп, қорға қосылып жатқан құнды дүниелерді сақтап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау біздің басты парызымыз. Қазақ мәдениеті мен өнерін, сан қырлы шеберлігін оның ішінде түрлі ою-өрнекпен көмкеріліп, әрбір пішіні өзіндік сыр шертетін терең философияға негізделген дүниелері әлем алдында жария етуге лайықты құнды дүниелер болып табылады.

РУХАНИ САПАРДАН
ТУҒАН ОЙ – ЖАСТАР
ЖЫЛЫНДА ЖҮЗЕГЕ АССА...

Бізге ыстық көрінер тұсы Қожа Ахмет Ясауидің мұнда ұлы бабасының бірі Қорасан баб яғни Бісқақ бабтың інісі Әбдіжәлел бабтың мекен тұрағы болғандығы. Туған ағасы Садыр шайық, немере інісі Маулана Сафи ад-диннің де зиярат қабірханалары осында. Садыр шайықтан тараған 6000-дай жан өсіп-өнген Аққорған елді мекені тарихтан ойып орын алған. Қазақстанды өркендетер 30 жобаның бірі Шалқия Қаратауды бөктерлей қоныс тепсе, Байқенжеден сал қныстау Қорасан баба тұсында уранның мол сарқылмас көзі жатқандығы да өңір экономикасын оналттары сөзсіз.

Біз мінген көлік тақтайдай тузу жолмен жүйткіп отырып Жаңақорған кентіне де табан тіретті. Таңғалдырғаны сол бұл аудан өз азаматтарын қалайыққа танытуда үлгі боларлықтай іс тындырып отырғандығы. Жағалай Исатай Әбдікәрімовтей қоғам қайраткерлерінің, КСРО батыры, еңбек майдангері Әнуар Әбуәліповтің, Еңбек Ерлері Шоманбай Әбжалов, Кәдір Тағаев, Нақып Ержанов, Арапбек Әтievтің, заңгер Сұлтан Сартаявтың суреттері кенттің көркіні кіргізіп тұр. Халық ақыны Манап Көкенов, Құтбай Дұрбаев, Сазгер Әлшекей Бектібаев, Бексұлтан Байқенжеев портреттері көзге жылы ұшырайды. Бір тұста ел мерейін асырған спортшылар. Бәрі де осы аудан перзенттері. Бұл өңір азаматтарының тың ізденіс шеберлікпен безендіру жұмыстарын табиғатпен үйлестіре киноластырғаны да ғажайып дүние демесеке әлдің жоқ.

Жақсыны көркем үшін демеі ме қазекем. Көкіректе талай сұңғыла ойлар көлбеп қакты. Міне, Сүлейлердің соңғы сарқыты, тұяғы, Нартайдың сүйікті шәкірті Манап ақын домбырасын қолына алып, ел алдына шыға келердей, мына тұста «Ақбанын» шырақ Бексұлтан Байқенжеев қыр басында тұрғандай, қазақтың абызы мемлекеттік сыйлықтың иегері Сұлтан Сартаяв дәл қазір Ата Заңды ұғындырып дөріс берердей күй кешесің. Әрине ел үшін еңбек етіп, тер төккен, ел азаматтарын таныту үлкен парасаттылық. Осы арада біздің өңірде де осындай игі іс жасаған, халқына еңбек етіп, қызмет қылған өз саласының мықты майталмандарын дүйім жұртқа алыстан мен-мұңдалап тұратындай көше бойларына көрсетіп қойсақ, талай жастарымыз сол тұлғаларға қарап бой түзеп, тәлім алары анық. Оның үстіне биылғы жыл Елбасының бастамасымен «Жастар жылы» деп жариялануы да тегін емес. Мұның астында қаншама жастың қиялына қанат бітіретін үлкен ойдың жатқандығы айта-паса да айлан анық. Абай атамыз айтқандай: «Болмасаң да, ұқсап бақ!» – демекші, биылғы «Жастар жылында» осы рухани сапардан туған көрікті ойлардың іске асуы жастарың да рухани азықпен мол тұзегуе тура жол сілтеп, жарқын істермен айналысуына бағыттағыш ретінде септігін тигізе, игілікті іс болар еді.

Оған біздің облыс жастарының мүмкіндігі де, қарым-қабілеті де молынан жетеді.

О.ЖЕКСЕНБАЕВ

ҚОЛТАҢБА



Мен қазақтың мың өліп мың тіріген,
Жергесінде таныстым мұң тілімен,
Мұңайғанда жүрегім күн тұтылып,
Қуағанда күлкімнен тун түрілген – деп
айдай әлемге мақтанышыпен жар салған
Жубан Молдағалиев қазақ әдебиетінің ірі
тұлғасына айналған, отансүйішілік жыр-
ларымен халық жүрегінен орын тепкен
ақын.



«Семей-Невада» қозғалысының
қозғалысының, «Аз и я», «Арғымақтар»,
«1001 сөз» кітаптарының авторы Олжас
Сүлейменов әлемдік деңгейдегі қоғам
қайраткері.

Екі ұлы тұлғаның «Әзірет Сұлтан»
кесенесінің тілек кітапшасына 1980 жылы
25 мамырда қалдырған қолтаңбасымен
көпшілікті таныстыруды мақсат тұттық.



МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қос бірдей мекемемен туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге келді. Туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайту және бірлесіп дамыту мақсатында қолға алынған бастама аясында «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары Мұрат Тастанбеков, «Балалар мен жасөспірімдер туризм және өлкетану орталығы» КММ директоры Раушан Жүзжасарова және «Би-Нур» туристік фирмасының дирек-

торы Шұға Шамшиева меморандумға қол қойды. Айта кетсек, 2018 жылғы 29 қыркүйекте Елбасының Түркістан облысына сапары барысында «Әзірет-Сұлтан» музей-қорығын ЮНЕСКО-ның бірегей ескерткіші ретінде қалпына келтіру жоспары бекітілді. Жоба ежелгі римдік Помпей қаласының музейі, Осман империясының «Топкапы» сарайы, Иерусалим қаласы сияқты әлем ескерткіштерінің тәжірибесіне сүйеніп отырып, әзірленді. Оларға жыл сайын осы елдердің экономикасына үлкен кіріс әкелетін миллиондаған туристер барады.

КҮЛТӨБЕ АРШЫЛА БАСТАДЫ



Түркістандағы Күлтөбе қалашығының солтүстік бөлігінен қоқан және қазақ үйлерінің орны, тандыр және ұстындар шоғыры анықталды.

Мәдениет және спорт министрлігінің Түркістан қаласындағы ортағасырдағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің тарихи келбетін анықтау және қалпына келтіру үшін оларды танымал туристік орталыққа айналдыруға арналған жобасы аясында ағымдағы жылдың 17 қаңтарынан бастап Күлтөбе қалашығының солтүстік бөлігінде археологиялық қазба жұмыстары басталып та кеткен болатын.

Қазба және анықтау жұмыстарымен Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты айналысуда. Археологиялық топтың жетекшісі – Серік Шаймерденұлы Ақылбек.

Қазіргі таңда 80-ге жуық археологтар еңбек етіп жатқан алаңда қазба жұмыстары қарқынды жүруде. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмысшылар санын 300-ге жеткізу жоспарлануда. Үкімет тарапынан осы жұмыстарға ерекше көңіл бөлініп отырғандығы да қуантарлық жағдай.

– Түркістанның ең көне бөлігі – Күлтөбе қалашығы екені белгілі. Зерттеу және зерделеуге арналған ауқымды жоба Күлтөбенің өзі мен айналасын қамтиды. Бүгінгі таңдағы ең басты жұмыс ескерткіштер аумағын үйінді топырақтан тазарту. Себебі 1975 жылдардағы аэрофотосуреттермен салыстырғанда өзгерістер көп. Мәселен,

сай боп көрінген аймақ қазіргі таңда дөңеске айналған. Тарихи аумақтың мәдени қабаттары анықтау мақсатында барлау қазбалары да жұмыс жасауда. Барлау нәтижесінде түсірілімде көрсетілген сай түріндегі қыртыста тарихи қабаттың бар-жоғы нақтыланады, – деді археологиялық топ жетекшісі Серік Ақылбек.

Соған қарамастан, аз ғана күн ішінде көне ғасырлар сырының бір сыры ашыла бастады. Археологтың айтуынша, XIX ғасырға тән Қоқан үйінің қалдықтары анықталса, одан 70 сантиметрдей төмен тұста XVI-XVII ғасырға тән қазақ үйлері орналасқанына көз жеткізесіз. Мұнда күл де сол қалпында сақталған тандыр, кіреберіс дәліз және есік орны бар. Сонымен қатар үй тіреуге арналған тас ұстындар шоғырының да беті аршылып келеді. Түрлі ғасырға тән құмыра сынықтары да көптеп шыға бастаған.

Айта кетсек, Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген кезеңнің рухын асқақтату мақсатында қолға алынған Түркістан қаласындағы Күлтөбе археологиясы және қосымша нысандар жұмысы 3 жылға жоспарланған.

Біздің заманымызға дейінгі II ғасырдан бастау алатын Қазақстандағы алғашқы сәулет құрылыстары бар Күлтөбе қалашығы бірқатар деректерде Күлтөбе (Асон) деп аталады. Алғаш рет Ясы атауы моңғолдардың ұлы ханы Менгудің ордасына Қазақстанның оңтүстік аймағы арқылы сапар шеккен армян патшасы I Гетумның жолжазбасында кездеседі.

ТҰҢҒЫШ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ
МЕМУАР-РОМАН

Еңбегі көңіліңізден шығып тұрған адамға жылы пікір білдіруге асығып тұрасыз. Тіпті ол өзінің шығармашылық міндетін атқарып отырса да ризашылығыңызды білдіргізіңіз келеді. Кейде адам баласының осы бір жақсылыққа жақсылықпен жауап бергісі келетін қасиетін кейбіреулердің басқа пінғылда түсінетініне таңғаласыз. Айтайын дегеніміз, әлдебіреуді көкке көтеріп мақтау емес, еңбектің лайықты бағалануы жайлы еді.

Біз филология ғылымдарының докторы, университет профессоры Сейдулла Садьқовпен 23 жылдан бері қызметтеспіз. Оның еліміздегі журналистика ғылымы саласындағы айтулы ғалымдар санатында екенін жақсы білеміз. Бұған Сейдулла ағамыздың шетелдік басылымдарда жарияланған монографиялары, импакт-факторлы журналдардағы онға жуық мақалалары, т.б. да ғылыми еңбектері, республика баспаларынан қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген оқулықтары, оқу құралдары мен монографиялары айқын дәлел болады.

Журналистика саласында жарты ғасырдан астам уақыт бойы қызмет етіп келе жатқан журналист-публицист, ғалым-ұстаз Сейдулла Садьқовтың жуырда ғана «Тұран» баспасынан «Журналистика – тағдырым» атты мемуар-романы жарық көрді. Осылайша біз білетін



ғалым Сейдулла жазушылық-қаламгерлік қырымен де жарқырай көрінді. Композициясы Садьқовтың жеке өміріне шебер құрылған бұл толымды еңбек кез келген оқырманын қызықтырып, терең ойларға жетелері даусыз. Қазіргі қазақ журналистикасы әлемінде мұндай мемуар-роман әлі жазылған жоқ. Отыз жылдан астам уақыттан бері журналист кадрларын тәрбиелеп келе жатқан ұстаз-ғалымның бұл көркем дүниесі студенттер, магистранттар мен докторанттар үшін баға жетпес құнды дүние болатыны ақиқат. Мұнда қаламгердің балалық күндерінен бастап, соғыс жылдарындағы өзі туып-өскен ауыл адамдарының ауырталығы, оқу күйі Алматыға келген жігіттік шағы, студенттік жылдары, кургастарының портреттері, қара шаңырақ – ҚазМУ-дағы ғылымға басқан алғашқы қадамдары,

Мәскеудегі аспиранттық жылдар, Түркістан топырағындағы журналистік білім ордасын қалаудағы қиын-қыстау күндері, замандас-әріптестері туралы жылы пікірлері, студенттер лебізі, келмеске кеткен кеңестік журналистика мен тәуелсіз қазақ журналистикасы тұрғысындағы байыпты пайымдаулары мен тұжырымдары шұрайлы тілмен суреттеледі. Ғұмырнамалық мемуар-романды бір деммен оқып шығасыз. Тараулардың қиысқан тұсында кезінде автордың республика мерзімді басылымдарында жарияланған түрлі жанрлардағы дүниелеріне беріліп отыруы кітап мазмұнын байыта түскен.

Автордың өзі ширек ғасырға жуық уақыттан бері қызмет етіп келе жатқан Халықаралық қазақ-түрік университеті, қасиетті Түркістан, Қазақстан-Түркия: бауырластық бастаулары жөніндегі арнаулы бөлімдермен берілген жазбалары кең ауқымдылығымен назар аударды. Мемуар-романның «Ежелгі Түркістан және Елбасы идеясы» деген бөліміндегі Түркістан облысының орталығы болған Түркістан туралы ой-толғаулары қалың оқырманды баурап алары даусыз. Ұстаз-ғалым С.Садьқовтың қаламгерлік қарымын айқын танытатын бұл мемуар-романның берер тағылым-тәрбиесі мол.

Б.СЕРДӘЛІ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Наурыз айында дүниеге келген өріптестерімізге зор денсаулық, баянды бақыт, еңбектеріне шығармашылық табыс тілейміз!

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ұжымы

НАУРЫЗ		
1	Туяқбаев М.	02.03.1956
2	Райқұлова	02.03.1962
3	Егеубаева Ә.	04.03.1965
4	Тоғызбай Е.	04.03.1993
5	Зейдулла Н.	09.03.1980
6	Бөгенбаев Қ.	09.03.1980
7	Жүзбаева Г.	16.03.1984
8	Зұлпыхар Б.	17.03.1971
9	Әшірбекова Н.	18.03.1965
10	Оразбаев Ә.	27.03.1959
11	Манапов Ә.	30.03.1955

ХАБАРЛАМА

Ақпан айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық пен өлеуметтік есеп шотына 4207825 теңге қаражат түскен. Осы соманың есебінен:

Банк қызметіне – 16806,15 теңге;
Қорық-музей қызметкерлерінің іс-сапар шығындарына – 1085000 теңге;

Шаруашылық жұмыстарға – 300 000 теңге жұмсалды.
Ақпан айында түскен қаржыдан қалған 2806018,85 теңгені қорық-музейдің жоспарындағы мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға жұмсау көзделіп отыр.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет
ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Самат ТАЛҒАТҰЛЫ

Редакцияның
мекенжайы:

Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail: azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Т.Әлімқұлов көшесі,
22 үй.

Кезекші редактор
Берік БАЙБОЛОВ

Тапсырыс № 730